БЕКІТЕМІН
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ
Басқарма мүшесі, ғылым және жөніндегі проректор
_____ проф. Е.М. Тажбаев
«27» 10 2026 ж.

Докторанттың (PhD) бүкіл оқу кезеңіне арналған жеке жұмыс жоспарының міндетті іс-шаралар тізбесі

Оқытудың бірінші семестрі	1) Ғылыми кеңесшілерді және диссертация тақырыбын бекіту; 2) Негізгі іс-шараларды және оларды іске асыру мерзімдерін семестрлер бойынша көрсете отырып, докторлық диссертацияны орындау жоспарын әзірлеу, соның ішінде зерттеу объектісін, әдістерін, мақсаттары мен міндеттерін айқындау; 3) Ғылыми жарияланымдар, тағылымдамалар жоспарын әзірлеу; 4) Докторанттың жеке жұмыс жоспарын әзірлеу; 5) Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының (ДҒЗЖ) нәтижелері бойынша семестрлік аттестаттаудан өту (орындалған жұмысты бағалай отырып, ғылыми кеңесшінің толық сипаттамасы, докторанттың есебі, кафедра қорытындысы).
Оқытудың екінші семестрі	1) Диссертация тақырыбы бойынша заманауи әдебиеттерге шолу жасау; 2) Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыс көлемінің кемінде 20%-ын орындау; 3) Ғылыми нәтижелерді апробациялау және халықаралық/республикалық конференция материалдарында кемінде 1 ғылыми жарияланымның болуы; 4) ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған журналдарда мақала дайындау; 5) ДҒЗЖ нәтижелері бойынша семестрлік аттестаттаудан өту (орындалған жұмысты бағалай отырып, ғылыми кеңесшінің толық сипаттамасы, докторанттың есебі, кафедра қорытындысы); 6) ДҒЗЖ нәтижелері бойынша балл қоя отырып, жеке жұмыс жоспарының орындалуы тұрғысынан оқу жылының қорытындысы бойынша аттестаттаудан өту, оң баға жоғарыда көрсетілген барлық талаптар сапалы орындалған жағдайда

	ғана қойылады (орындалған жұмысты бағалай отырып, ғылыми кеңесшінің толық сипаттамасы, докторанттың есебі, кафедра, факультет қорытындылары, аттестаттау хаттамасы).
Оқытудың үшінші семестрі	1) Диссертациялық жұмыс үшін нақты материалдар жинау, соның ішінде нәтижелерді өңдеу әдістерін, олардың шынайылығы мен диссертациямен жұмысты аяқтау үшін жеткіліктілігін бағалау; 2) Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыс көлемінің кемінде 30%-ын орындау; 3) ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК журналдарында кемінде 1 ғылыми жарияланым басып шығару (тізімін көрсету); 4) ДҒЗЖ нәтижелері бойынша семестрлік аттестаттаудан өту (орындалған жұмысты бағалай отырып, ғылыми кеңесшінің толық сипаттамасы, докторанттың есебі, кафедра қорытындысы).
Оқытудың төртінші семестрі	1) Докторлық диссертацияның Кіріспесі мен негізгі бөлімін дайындау; 2) Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыс көлемінің кемінде 50%-ын орындау; 3) ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК журналдарында кемінде 1 ғылыми жарияланым басып шығару (тізімін көрсету); 4)Ғылыми нәтижелерді апробациялау және халықаралық/республикалық конференция материалдарында кемінде 1 ғылыми жарияланымның болуы; 5) Диссертация тақырыбы бойынша JCR деректері бойынша импакт-факторы бар (немесе Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 мақаланы баспаға дайындау; 6) ДҒЗЖ нәтижелері бойынша семестрлік аттестаттаудан өту (орындалған жұмысты бағалай отырып, ғылыми кеңесшінің толық сипаттамасы, докторанттың есебі, кафедра қорытындысы); 7) ДҒЗЖ нәтижелері бойынша балл қоя отырып, жеке жұмыс жоспарының орындалуы тұрғысынан оқу жылының қорытындысы бойынша аттестаттаудан өту, оң баға жоғарыда көрсетілген барлық талаптар сапалы орындалған жағдайда ғана қойылады (орындалған жұмысты бағалай отырып, ғылыми кеңесшінің толық сипаттамасы, докторанттың есебі, кафедра, факультет қорытындылары,

	аттестаттау хаттамасы).
Оқытудың бесінші семестрі	1) Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыстың едәуір көлемін (кемінде 70%) орындау; 2) ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК журналдарында кемінде 1 ғылыми жарияланым басып шығару (тізімін көрсету); 3) Диссертация тақырыбы бойынша JCR деректері бойынша импакт-факторы бар (немесе Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 мақаланы жариялау туралы оң шешімнің болуы; 4) ДҒЗЖ нәтижелері бойынша семестрлік аттестаттаудан өту (орындалған жұмысты бағалай отырып, ғылыми кеңесшінің толық сипаттамасы, докоранттың есебі, кафедра қорытындысы).
Оқытудың алтыншы семестрі	1) Жеке жоспарға сәйкес практикалардан, тағылымдамалардан өту; 2) Диссертация тақырыбы бойынша JCR деректері бойынша импакт-факторы бар (немесе Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 мақала жариялау; 3) Дербестік, ішкі бірлік, ғылыми жаңашылдық, шынайылық пен практикалық құндылық және академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, докторлық диссертацияның қорытынды мәтінін дайындау; 4) ДҒЗЖ нәтижелері бойынша балл қоя отырып, жеке жұмыс жоспарының орындалуы тұрғысынан оқу жылының қорытындысы бойынша аттестаттаудан өту, оң баға жоғарыда көрсетілген барлық талаптар сапалы орындалған жағдайда ғана қойылады (орындалған жұмысты бағалай отырып, ғылыми кеңесшінің толық сипаттамасы, докоранттың есебі, кафедра, факультет қорытындылары, аттестаттау хаттамасы); 5) Докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 12 академиялық кредитті құрайтын және докторлық диссертацияны жазу және қорғау нысанында өткізілетін қорытынды аттестаттаудан өту.
Ескертпе	1) Жарияланымдардың саны мен сапасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31

	наурыздағы № 126 «Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» бұйрығының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Ғылыми кеңесшілермен тең авторлықта жарияланымдардың болуы ұсынылады; 2) Докторанттың жеке жоспарына шетелдік ғылыми кеңесшінің басшылығымен шетелдік ЖОӨББҰ-да 3 - 5 семестр ішінде (бірақ академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімнен кешіктірмей) өту ұсынылатын шетелдік ғылыми тағылымдама кіруі тиіс. Өту шарттары Магистранттар мен докоранттардың ғылыми тағылымдамаларын ұйымдастыру тәртібі туралы ережемен (20-қосымша) айқындалады.